



Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы Әбіш Кекілбаевтың көркем әлемінің тілдік бейнесі

Ж.А.Манкеева^a, *А.Қ.Қожахметова^b

^aА.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: Mankeeva1950@mail.ru)

^bА.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: akony_8484@mail.ru).

*Байланыс үшін автор: akony_8484@mail.ru

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
ұлттық корпус,
корпустық
лингвистика,
электронды
мәтін, символ,
метафора,
көркем әлем,
тілдік бейне,
тілдік тұлға,
дискурс,
Ә.Кекілбаев.

XFTAP 16.31.02

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-163-177>

АННОТАЦИЯ

Жаһандану заманындағы тілдің қарқынды да кешенді қызметі оны талдаудың жаңа ақпараттық технологиялар негізінде жүргізілуін талап етеді. Қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік кеңістік тілдік константамен шектелмей, сөз иесінің эгоэзекті сипаттарына да назар аударады.

Бұл бағытта тілдік санада құрылымдалып, тілдік тұлғаның рухани-құндылықтық мәнін, уәжін белгілі мөлшерде таңдалған мәтін негізінде анықтау мүмкіншілігі жеткіліксіз.

Сондықтан тілдің қатынас құралы ретіндегі коммуникативті қызметімен қатар кумулятивтік, этнотанымдық қызметінің антропоэзектік парадигма аясындағы *тіл ~ мәдениет*, *тіл ~ қоғам* т.б. сабақтастығы, *тіл ~ компьютер* сабақтастығымен толықтырылуы заманауи тіл ғылымының деңгейін көрсететінін эмпирикалық зерттеулер тәжірибесі айқындап отыр.

Бұл жағдайдың XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды дамып келе жатқан мәтін лингвистикасына, онымен тығыз байланысты дискурс мәселесіне тікелей қатысы бар. Осымен байланысты қазақ тіл біліміндегі қолданбалы лингвистиканың жетістіктері мен тәжірибесінің (М.Әуезовтің 20 томдық шығармалары мәтіндерінің жиілік сөздігі, 1995) жаңа деңгейде қарқынды дамуы компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін тілді зерттеу барысында қолдануға жол ашып, қазақ тіл білімінде корпустық лингвистика саласының қалыптасуына негіз болуда.

Қазақ тіл біліміндегі тілдік жүйенің ішкі заңдылықтарын ашуға бағыт-талған іргелі зерттеулерді корпустық тәсілмен оңтайландыру үрдісі – замана талабы.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің филология факультетінің Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы жасаған «Алматы қазақ тілі корпусы» осы жұмыстың Қазақстан тіл біліміндегі бастамасы

деуге болады. 2012 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында аннотацияланған қазақ тілінің электрондық мәтіндерінен тұратын «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» деп аталатын ауқымды инновациялық жобаның бастапқы нұсқасы жасалды. Қазақ тіліндегі барлық стильді қамтып, он тоғыз ішкорпустан құрастырылған бұл жүйе «Ұлттық корпус» ретінде жобаланған.

Осы мақсатқа орай Қазақ тілінің ұлттық корпусының Жазушылар ішкорпусына енгізілген Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Бәсеке», «Шыңырау» шығармаларындағы көркем әлемнің тілдік бейнесін құратын көріктеуіш құралдар жүйесі лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитивтік, тілдік тұлға теориясы тұрғысынан қарастырылады.

Мақалада Жазушылар ішкорпусына қатысты қазақ сөз қазынасының түп-тамырын терең игерген, коммуникативтік әлеуетінің имплициттік астарын ашып, эксплициттік сипатын жетілдіру қабілеті ерекше қаламгер Ә.Кекілбаевтің көркем тілін, тілдік тұлғасын дәйектейтін мәтін тілін (авторлық фразеологизмдер, танымдық түр-түс атауларының өзіндік тіркесімдері, этнолексика мен лингвокультуремалар қолданысымен көріктеу құралдар жүйесінің лингвопрагматикасы т.б.) корпусқа енгізіп, өңдеу нәтижесінде Әбіш Кекілбаев феноменін ашу мәселесін дәлелдеуге талпыныс жасалады.

Zh.A.Mankeyeva^a

^aA. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: Mankeeva1950@mail.ru)

***A.K. Kozhakhmetova^b**

^bA. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: akony_8484@mail.ru)

*Corresponding author: akony_8484@mail.ru

The linguistic representation of Abish Kekilbayev's literary world in the National Corpus of the Kazakh language¹

Abstract. In the era of globalization, the complexity of language requires analysis through new information technologies. The anthropocentric perspective in Kazakh linguistics considers not only linguistic constants but also the egocentric traits of language users.

However, the structuring of linguistic consciousness and the identification of a linguistic personality's spiritual and value-based significance remain underexplored. Beyond

Received 13 February 2025. Revised 15 February 2025. Accepted 06 March 2025. Available online 30 March 2025.



Дәйексөз үшін: Ж.А. Манкеева, А.Қ. Қожахметова Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы Әбіш Кекілбаевтың көркем әлемінің тілдік бейнесі // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. №1. С. 163-177. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-163-177>

For citation: Zh.A. Mankeyeva, A.K. Kozhakhmetova The linguistic representation of Abish Kekilbayev's literary world in the National Corpus of the Kazakh language// Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 1. P. 163-177. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-163-177>

¹ The article was prepared within the framework of the project BR21882249 «Improving the tool of intercultural communication the national corpus of the Kazakh language (NCKL) and expanding its subcorpora»

communication, language's cumulative and ethno-cognitive roles are crucial within the anthropocentric paradigm. The interrelationships of 'language ~ culture', 'language ~ society', and emerging 'language ~ computer' connections reflect modern linguistic trends, supported by empirical research.

This aligns with the field of textual linguistics, which has evolved since the 1960s, and discourse studies. The field of applied linguistics in Kazakh studies has advanced, notably with the frequency dictionary based on M. Auezov's 20-volume collected works (1995), paving the way for corpus linguistics through computational methods.

Optimizing fundamental research via a corpus-based approach is essential for uncovering internal linguistic patterns. The Department of General Linguistics and European Languages at the Faculty of Philology, Al-Farabi Kazakh National University, developed the *Almaty Corpus of the Kazakh Language Corpus*, which can be regarded as the starting point of this research in Kazakhstani linguistics.

In 2012, the A. Baitursynuly Institute of Linguistics launched *The National Corpus of the Kazakh Language*, an annotated electronic resource covering all functional styles and comprising twelve subcorpora. This paper examines Abish Kekilbayev's linguistic identity using the writers' subcorpus of the National Corpus of the Kazakh Language. His works *Аңыздың ақыры* (*The End of the Legend*), *Бәсеке* (*Rivalry*), and *Шыңырау* (*The Abyss*) provide a basis for corpus-based textual analysis.

The study examines his authorial phraseological expressions, unique collocations, colour and shade designations, use of ethnolexis and linguocultural elements, as well as linguistic-pragmatic expressive means. As an outstanding master of literary expression, A. Kekilbayev possessed a unique ability to unveil the implicit meanings of language, deeply comprehended the origins of Kazakh verbal artistry, and made a significant contribution to its further development.

Keywords: National Corpus, corpus linguistics, electronic text, symbol, metaphor, literary world, linguistic representation, linguistic personality, discourse, A. Kekilbayev.

Ж.А. Манкеева^a

*^aИнститут языкознания им.А.Байтұрсынова, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: Mankeeva1950@mail.ru)*

***А.К. Қожахметова^b**

*^bИнститут языкознания имени А.Байтұрсынұлы, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: akony_8484@mail.ru)*

**Автор для корреспонденции: akony_8484@mail.ru*

Языковая картина художественного мира Абиша Кекильбаева в национальном корпусе казахского языка

Аннотация. В эпоху глобализации стремительное развитие языка требует его анализа с использованием новых информационных технологий. Антропоцентрическое пространство в казахском языкознании фокусируется не только на языковой константе, но и на эгоцентрических характеристиках носителя языка.

В этом направлении структурирование языкового сознания и определение духовно-ценностного значения и мотивации языковой личности на основе выбранного текста

остаётся недостаточно проработанным. Поэтому наряду с коммуникативной функцией языка как средства общения, его кумулятивная и этнопознавательная функция в рамках антропоцентрической парадигмы, взаимосвязь «язык ~ культура», «язык ~ общество» и т.д., а также дополнение этой взаимосвязи «язык ~ компьютер» отражают уровень современной лингвистики, что подт-верждается эмпирическими исследованиями.

Эта ситуация непосредственно связана с текстовой лингвистикой, интенсивно развивающейся с 1960-х годов, а также с вопросами дискурса. В связи с этим активное развитие достижений и опыта прикладной лингвистики в казахском языкознании, таких, как частотный словарь текстов 20-томного собрания сочинений М. Ауэзова (1995), а также использование возможностей компьютерных технологий в исследовании языка, открывают путь к формированию области корпусной лингвистики в казахском языкознании.

Процесс оптимизации фундаментальных исследований, направленных на раскрытие внутренних закономерностей языковой системы в казахском языкознании с помощью корпусного подхода, особо актуален. Кафедра общего языкознания и европейских языков филологического факультета КазНУ имени аль-Фараби разработала «Алматинский корпус казахского языка», который можно считать началом данной работы в казахстанском языкознании.

В 2012 году Институт языкознания имени А. Байтурсынулы создал первоначальную версию крупного инновационного проекта под названием «Национальный корпус казахского языка», включающую аннотированные электронные тексты, охватывающую все стили казахского языка и состоящий из 12 подкорпусов. Используя материалы писательского подкорпуса Национального корпуса казахского языка, авторы статьи сделали анализ языковой личности А. Кекильбаева на основе художественных произведений «Аңыздың ақыры», «Бәсеке», «Шыңырау».

В статье предпринимается попытка определить феномен Абиша Кекильбаева через анализ единиц текстов корпуса, раскрывающих художественный язык и языковую личность писателя: его авторские фразеологизмы, уникальные словосочетания, наименования цветов и оттенков, использование им этнолексики и лингвокультурем, лингвопрагматических выразительных средств. А. Кекильбаев как выдающийся мастер художественного слова, обладая уникальной способностью раскрывать имплицитные смыслы языка, глубоко постиг истоки казахского словесного богатства и внес свой вклад в его дальнейшее развитие.

Ключевые слова: национальный корпус, корпусная лингвистика, электронный текст, символ, метафора, художественный мир, языковая картина, языковая личность, дискурс, А.Кекильбаев.

Кіріспе

Заманауи әлем тоғысындағы қарқынды даму мен жаһандық бәсеке кеңістігінде адам жанының рухани-әлеуметтік жаңғыруының айнасы, ғаламдасуының тиімді құралы – тіл. Мұндай тұжырымға негіз болатын – тілдік санадағы жаңару мен жаңғыру үрдісі. Осымен байланысты қазақ сөзінің төл болмысындағы поэтикалық сипатты қозғаушы қуаты күшті тілмен тамырлас өрбітіп, сөз мазмұнының бойындағы әлеуетін ерекше танып, тиімді қолданыста жарата білген, сөзді «өнер» деп ұққан ата-бабамыздың мұралық қағидасын бүгінгі күнге жалғастырып, сөзінің құдіретін асқақтатқан сөз зергерінің бірі – Әбіш Кекілбаев.

Сайып келгенде, Әбіш Кекілбаев мәтіндеріндегі тілдік деректердің этноәлеуметтік мәдени-рухани әлеуетінің поэтикалық қолданыста көркемделуі сөзжасамдық үдеріске сай бағаланады. Соның нәтижесінде қазіргі қоғамдық-әлеуметтік кеңістіктегі жаңғыртушы, жасампаздық идеяны іске асырушы тіл иесінің санасында бұрын орын алған сөздің коммуникативтік әлеуеті жаңа қырынан ашылып, бүгінгі социумның ұлт болмысы, ел тарихы мен мәдениетіне қатысты таным көкжиегін кеңітеді.

Қазіргі қазақ қоғамында мемлекеттік мәртебесіне сай жан-жақты қоғамдық қызмет атқаруы тиіс қазақ тілінің тек қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметін ғана тану социумға тіл арқылы берілетін аксиологиялық, әлеуметтік т.б. рухани танымдық мәселелерге қатысты сұраныстарына жауап бере алмай, қоғамдық ортада келеңсіз жағдаят туындауына себеп болатын, сайып келгенде, мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметінің әлсіреуіне әкеледі.

Қаламгер қолданған қазақ сөзінің коммуникативтік қызметі сапасының көркем мәтін кестесінде *автор ~ мәтін* сабақтастығында астасуы, қалам тезіне түскен сөз болмысының өзгеріп, құбылуы автордың тұлғалық танымына сай анықтайды. Көркем мәтінде қолданылған сөздің негізгі сөздікте берілген мағынасынан басқа мәнге ие болып, дағдыдан тыс қолданысқа түсуі қаламгердің суреткерлік ой-өрісін, шығармашылық тілін, ерекшелігін, яғни өзіне ғана тән дискурсын танытады.

Соның нәтижесінде Ә. Кекілбаев сынды жеке тілдік тұлға тілі арқылы анықталатын тіл иесі болмысының сипаты іспетті мәдени ақпараттарды тіл тұтынушының қабылдап, игеруі көркем мәтінде бейнеленген мәдени мұраның тілдік санада танылуы қаламгер шығармашылығына тән сөздің коммуникативтік қызметімен тікелей байланысты екеніне оның дискурсы толық дәйек бола алады.

Осылайша қазақ тіл білімінде антропоэлектік бағытта мәтіннің құрылымдық, ұйымдастырушылық тәртібі, қабылдауға қатысты психологиялық мазмұны прагматикалық жағдаяты тұрғысынан зерттеудің кеңістігі қалыптасуда. Оған негіз болып, жүзеге асыру ғылыми-дәйектік қана емес, ғылыми-деректік дәйектің сандық сипатын сапалыққа ұластырып өңдейтін жаңа технологиялық құралды қажет етеді.

Осымен байланысты қазақ тіл білімінің қолданбалы саласының жаңа бағыттарының қарқындап дамуы мәтіннің тілдік деректерін компьютерлік базаларға енгізу және оны тұтынушының пайдалануына ыңғайлы да ұтымды мүмкіншілігін жүзеге асыратын ұлттық корпусты құру мәселесін өзектендіріп, алға тартты.

Материалдар және зерттеу әдістері

Бұл мақалада Әбіш Кекілбаевтың Ұлттық корпуста арнайы бағдарламаға негізделген көркем шығармаларының тілдік әлемін барынша тұтас дәйектейтін көріктеуіш құралдар жүйесі мен сөзқолданыс ерекшеліктеріне назар аударылды. Аннотацияланған корпустар кез келген тұтынушыға көлемді мәтіндерден кез келген сөзді «іздеу» арқылы тауып береді.

Демек, мәтіндер корпусы (тілдік корпусы), ол – аса ірі көлемдегі жүйелі түрде құрылымдалған, тиісті белгіленімдер енгізілген, филологиялық тұрғыда білікті деуге болатындай нақты тілдік мәселелердің компьютер арқылы шешімін табуға арналған тілдік деректер ауқымы (массиві).

Корпуста қажетті ақпаратты іздеп-табу әрекеті кез келген сөз бойынша конкорданс құрастыруға мүмкіндік жасайды, яғни іздеген сөздің барлық қолданысының контекстік көрінісінің тізімін және сол қолданыстың қай дерекнамада кездескеніне сілтеме

жасай алады. Сонымен бірге, корпустар жазба тілі мен сөйлеу тілінің статистикалық мәліметтері жайында және басқа да көптеген анықтамалар түрлерін алуға мүмкіндік тудырады. Мысалы, жазушы ішкорпусы Ә.Кекілбаевтың мәтіндеріндегі жаңғырған, этно авторлық метафораларды, лексемаларды тауып, қолдану жиілігі жайында мәліметтер алуға және ондай жиіліктердің контекст пен уақыт кезеңдеріне қатысты өзгеріске ұшырауын дискурстық сипатын тануға мүмкіндік туады.

Зерттеуге материал ретінде Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Елең-алаң», «Үркер» романдары, «Шыңырау», «Бәсеке», «Күй» повестері алынды (<https://qazcorpus.kz/>). Жазушы шығармаларында кездесетін көріктеуіш құралдары (эпитет, теңеу, метафора т.б.) кеңінен қолданыс тапқан компьютерлік базадағы мәтіндер негізінде талдамалық сипаттама жасалды, дискурсы анықталды.

Қазірде зерттеу әдістері ретінде қолданылған әдіс-тәсілдер: жинақтау, салыстыру, герменевтикалық, дискурстық талдау, статистикалық талдау. Соның негізінде электрондық нұсқадан мәтіндерді стандарттау, аннотациялау, индексстеу т.б. жұмыстарға байланысты мәтінді өңдеу жүзеге асырылады.

Корпустық лингвистикаға арнайы зерттеуді қажет ететін мәселенің бірі ретінде оны зерттеудің әдіс-тәсілдері әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Жоғарыда көрсетілген жиілік сөздіктер жазушылар тілінің негізінде тезаурустық сөздіктер жасауға, стилін анықтауға, сөз шеберлігін көрсетуге көмектескенмен, кең ауқымды мәтіндік талдауларға негіз бола алмайды. Тілдік бірліктер қолданысының сандық (мөлшерлік) мәліметтерінің сапалық сипатқа ие болуы осы бағыттағы тілдің табиғатына сай зерттеулерді жаңа технологиялық деңгейде жетілдіруді қажет етеді. Осымен байланысты 1968 ж. жарық көрген «Абай тілінің сөздігі» қазақ лексикографиясының жетістігі ретінде бағаланды. Еңбекте Абайдың жазба түріндегі шығармалар тілі толық қамтылып, әр сөзі мен сөз тіркесінің қолданысы тіркеліп көрсетілген (Абай тілінің..., 1968). Соның нәтижесінде ұлы Абайдың тіл байлығы, оның саны мен сапасы ғалымдарға Абай тілін тани түсуге септігін тигізіп қоймай, жаңа бағыттағы зерттеулерге негіз болды.

Осы бағыттағы зертеулердің жалғастығы қазақ тіл білімінде соңғы жылдары компьютерлік-ақпараттық технологиялардың көмегімен автоматтандыру және үйлесімді пайдалану белсенділігін күшейтті.

Қазіргі қазақ тілін зерттеуді жаңа деңгейге көтеріп, кеңейтуге ықпал ететін факторлар: жаһандану заманындағы ғаламдасудың құралы, ана тілінің мемлекеттік мәртебесіне сәйкес қоғамдық қызметінің кеңейіп, коммуникативтік қызметінің жандануы т.б. Соның ішінде ең негізгісі – мәтінтану мен дискурсология салаларының қарқынды дамуына қатысты. Мәтін – тілдің даму заңдылықтарын тұтас зерттеуге дәйек болатын, тілдік деректерді кең қамтитын тілдік бірлік. Соның нәтижесінде ұлт болмысының тарихи, әлеуметтік, психологиялық, рухани-мәдени көріністерін бейнелеп, танытатын тілдің тұтас сипаттағы таңбасы.

Мәтін теориясының басында тұрған ғалымдардың бірі И.Р.Гальперин мәтінге тән ақпараттылық, когезия (мәтінішілік байланыстар), континуум, модальдық, интеграция т.б. сипаттарын атап көрсетеді (Гальперин, 2005: 144).

Зерттеуші Т.М.Николаева мәтін лингвистикасы дамыған сайын мәтіннің анықтамасының айқын да түсінікті шегі жылжып, концептуалдық ыдырап, диффуздық сипатқа

ие болатынын көрсетеді. Ғалым мәтін кеңістігін нарративті грамматикадағыдай түзу сызықтың бойында қарастырмайды, оны көпөлшемді деп, яғни дискурсты ашық жүйе ретінде анықтайды (Николаева, 2000: 418, 173)

Осымен сабақтас дискурсты “макробелгі, тіл ішіндегі тіл”, “дүниенің тілдік (когнитивтік) бейнесі” деген анықтамалар да белгілі (Алексеева, Мишланова, 2002: 42-43).

Осыған орай профессор Г.Смағұлова мәтінді: «Мәтін – тілдік құралдар арқылы фонологиялық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік деңгейлердің белгілі бір жүйеде қызметі көрінетін, толығымен мәтінде көзге түсіп, қызмет ететін тұстарының өміршеңдігін байқататын тілдік бірліктердің ұйымдасқан түрі. Мәтінге талдау жасау арқылы тілдің құрылысы заңдылықтары мен қызметі танылады», – деп анықтайды (Смағұлова, 2002: 9).

XX-XXI ғ. шегіндегі жаңа зерттеушілік парадигма аясында мәтін лингвистикасының пәні мен міндеттері дискурс категориясымен байланыста қарастырыла бастады. Мәтін ішкі үдерістік сипатынан туындаған дискурс жүйесіндегі поликодтық, интертекстуалдық, интердискурстық тетіктерді анықтау мәтін түзумен байланыстырады (Чернявская, 2009).

Мәтін мен дискурстың кеңістігін дүниетаным тұтастығында қараған ғалымдардың (Е.С.Кубрякова т.б.) тұжырымдарын құндылықтық-мәндік кеңістігі негізінде дамытқан Н.А.Алефиренко дискурсты өзін-өзі ұйымдастырушы күрделі жүйе ретінде қарастырады (Алефиренко, 2013).

Қазақ тіліндегі корпус негізіне сүйеніп, Ә.Кекілбаевтың шығармашылығындағы мәтін қорын көпқызметтік құрал ретінде когнитивтік тұрғыдан қалыптасқан филологиялық зерттеу көкжиегін кеңітеті түседі. Атап айтқанда, оқушының рухани санасына эмоционалды-экспрессивті ықпал ететін көркем мәтіннің ерекше түрі – дискурс. Осымен байланысты тілдік тұлғалық ерекшелігін сипаттайтын Ә.Кекілбаевтың поэтикасын зерттеуде: «Поэтический мир – это комбинаторика индивидуально-креативных стимулов и реакций, сознательно-бессознательное применение теоретических знаний, трансцендентно-имманентные эксперименты вербального характера, интертекстуальная интерпретация идиостилевого мировоззрения» (Антонова, 2023: 246-247) деген тұжырымдар мен көркем мәтінді дискурстан ерекшелетін құрылымдары туралы еңбектер (Садирова, 2008) мақалада көркем мәтін тілін зерттеудің болашақ бағдары болатын ғылыми негізі ретінде көрсетіліп отыр.

Зерттеуші Г.Мұратованың² «Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі» тақырыбында жазылған докторлық диссертациясы Абай тілін антропоэзектік бағытта, мәтін лингвистикасына қатысты жаңа деңгейде зерттеу ретінде бағаланды. Абайдың тілдік тұлғасы құрған көркемдік әлемі, танымына сай концептуалдану жүйесі, ең бастысы, Абай дискурсын дәйектейтін дүниенің көркем тілдік бейнесі зерттеу нысанына айналған. Соған орай мәтінді: «Мәтін – коммуникативтік бағыттағы, нақты бір ақпаратты өз бойына жиған, әрі өзгеге жеткізе отырып, белгілі бір уақыт пен кеңістіктен мәлімет (дерек) беретін жеке тұлғаның рухани әлемін ашуға ықпал ететін зор күрделі тілдік таңба» деп анықтайды (Муратова, 2009: 74). Қазақ тіл білімінде көркем шығарманың тілі туралы алғашқы ғылыми-теориялық тұжырым айтқан ғалымдардың бірі – М. Балақаев. Ғалым: «Жеке жазушының тіл өрнегінің толып жатқан бояу-бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздерді «мағыналық топқа кіру» яғни

²Ескерту1: Г. Мұратова, 2009. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: док. ... дис. Алматы, 250 б.

сөздерді өзара мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты», – деп жазады (Балақаев, 1987: 46).

Қазақ филологиясында Қ.Жұмалиев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов, т.б. ғалымдардың еңбектерінен бастау алатын көркем әдебиет тілі бойынша зерттеулерде оның теориялық негізі қаланып, мазмұны, зерттеудің әдіс-тәсілдері айқындалғаны белгілі (Жұмалиев, 1960, Сыздықова, 2004, Жанпейісов, 1976). Бұл орайда құрылымдық жүйеге сүйеніп, көркем шығарма тілін зерттеудің мәселелерін жекелеген ақын-жазушылардың (Абайдың, Махамбеттің т.б.) тілдік ерекшеліктерін сараптау арқылы, қазақ көркем әдебиет стилистикасы қалыптасса, кейінгі кезеңде әдеби тіл тарихы, поэтика генезисіне қатысты Қ.Өмірәлиевтің (Өмірәлиев, 1976), қазіргі таңда антропоэзектік бағыттағы А.Шәріптің зерттеулерінде көркем санаға қатысты «ұлттық рух», «ұлттық идея» ұғымдары өзектелді (Шәріп, 2000).

Мысалы, қазақ тіл білімінде ақын-жазушылардың шығармашылық тілі Р. Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі», Е. Жанпейісовтің «М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі» атты зерттеулерінде белгілі бір суреткер тілінің жалпы сипаты мен шығармашылық ерекшелігі, көріктеу амал-тәсілдерін шебер қолданудың тілдік көріністері, стильдік қолданыс ерекшеліктерін шығарма тілінің құрылымдық жүйесіне сүйене отырып зерделенген белгілі. Әрине, мәтін талдауға қатысты Р.Сыздықова, Б.Шалабевтың «Көркем тексті лингвистикалық талдау» (Сыздықова, Шалабаев, 1989) зерттеулерден бастау алған үрдісті жалғастығына Б.Момынованың «Көркем мәтін поэтикасы» (Момынова, 2023), А.Алдаштың «Қазіргі қазақ көркемсөз өрнегі» еңбектері дәлел (Алдаш, 2024). Осы дәстүрлі лингвистика негізінде бұл бағыттың одан әрі дами түсуі қазіргі тіл білімінің антропоэзектік бағытымен байланысты. Мұнда басты назар сол шығарманы жазушының танымдық болмысына аударылып, тіл ~ таным сабақтастығында кешенді қарастырылады. Мысалы, зерттеуші А.Әділованың көркем мәтіндеріндегі сөздің бейнелеуіштік сипатын толықтырып, коммуникативтік қызметін күшейтетін тәсіл ретінде зерттеп, интертекстуалдық ұғымы қазіргі мәтінтануда аса маңызды тетік ретінде бағалануда (Қазіргі қазақ көркем., 2009). Бұған дәлел ретінде Г. Мұратова, Ф. Қожахметова, Г.Имашева, Г.Сабирова, Ж.Ермекова т.б. диссертациялық зерттеулерін (Мұратова, Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі, 2009; Қожахметова, Т.Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты, 2004; Имашева, М.Дулатұлы шығармаларындағы ғаламның тілдік бейнесі, 2007; Сабирова, Көркем тілді адамтану парадигмасы тұрғысынан зерттеу (Ж.Нәжімеденов өлеңдері негізінде), 2010; Ермекова, Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы, 2010) келтіруге болады. Қазіргі таңда рухани сананың жаңғыру, төл мәдениетімізді тану, әсіресе шығармашылық көркем тілі арқылы үлес қосқан қаламгерлердің туындыларын, олардың тілдік тұлғасына сай ашу, көркемдік сапасын анықтау, талдау, таразылау, бүгінгі күннің сұранысына сай, сайып келгенде, ұлт болмысын ашуға өзіндік үлес қосады.

Көрсетілген зерттеулер нәтижелері қазақ тіл біліміндегі корпустық лингвистика пәнінің теориялық және тәжірибелік жақтарын жетілдіріп, мәтін лингвистикасын, мәтіндік талдауды компьютерлік корпустар базасы негізінде дамытуда аса маңызды. Қазақ тіл білімінің де ерекше саласы ретінде қазақ тілшілеріне көлемді мәтіндерді тәжірибелік материал ретінде пайдалануға, мәтін ішінен қажетті деген тілдік деректерді тауып алуға және оларға тиісті деген өңдеулер жүргізуге мүмкіндік туындататын жаңа ғылыми зерттеушілік бағытты жалғастырады.

Бұл бағыттағы қазақ тіл біліміндегі бастамасы ретінде А.Жұбановтың «Қолданбалы тіл білімінің мәселелері» (Жұбанов, 2008), А.Жаңабековамен бірге жазған «Корпустық

лингвистика» (Жұбанов, Жаңабекова, 2017), 7 миллионнан астам сөз қолданысы бар мәтіндік база негізінде жасалған «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» еңбектерін осы саланың қазақ тіл біліміндегі ғылыми әдістемелік негізі деп санауға болады (Жалпы білім берудегі..., 2016).

Талдау

Осы орайда корпустың «Ұлттық» деген анықтаушының мәні ерекше. «Ұлттық корпусты» коммуникацияның әртүрлі аясын қамтитын мәтіндердегі» (А.Жұбанов), миллиондаған сөзқолданыс сандық жағымен қоса белгілі бір тілдің табиғатын, сол тіл иесі ретіндегі төл мәдениетін, тарихын, психологиясын, дүниетанымын барынша мол бейнелейтін көлемді корпус деп түсінеміз.

Мысалы, кез келген ұлттың мәдениетінде түр-түс әлемі өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Төл мәдениетіне сәйкес әр ұлттың эстетикалық талғамы, дүниетанымдық көзқарастары (әлеуметтік, экологиялық, астрономиялық, географиялық т.б.) негізінде материалдық және рухани мәдениет коммуникациясында тіл иесі санасында түр-түстің символдану үдерісі қалыптасады.

Қазақ тіліндегі түр-түс әлемінің танымдық сипаты, қазақ тіл білімінде *тіл ~ мәдениет* сабақтастығында зерттелген (Қайдар және т.б., 1992; Аитова³, 2005).

Ә. Кекілбаевтың шығармаларынан жинақталған электронды мәтіндердің ішінен ақ түсті «іздеу» арқылы *ақ түс* қолданылған сөйлемдер түгел шығады. Соның негізінде Ә. Кекілбаев тіліндегі төл мәдениеттің бейнеленуінің танымдық жүйесі айшықталады: *жақсылық, ізгілік, пәктілік, адалдық* т.б. (*ақ пейіл, ақ жол*); *киелілік, қасиет* т.б. (*ақ төсек, ақ неке* т.б.); *тектілік (ақ орда, ақ сүйек* т.б.), *сұлулық (ақ жүзі, ақ жұмыртқадай* т.б.), *табиғат құбылыстары (ақ түтеу боран, ақ тақыр* т.б.).

Қара түстің ақ түске қарама-қарсы қайғы-қасірет, барша жамандық танымды бейнелейтіні белгілі. Бірақ Ә. Кекілбаевтың тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейіне сәйкес қара түс қолданысының өзіндік ерекшелігі байқалады: *Қара жал, қара тау, қара жон, қара дөң, қара жол, қара жусан, қара бала, қара шал, қара жер, қара домбыра, қара жұрт, қара жүрек, қара көңіл, қара сүйек* т.б.

Басына үкі тағып, сағағын сүйектеген *қара домбырасын* безілдете қақты да, биік ащы даусын аспандата қалқытып, сонау көк аспанның қақ төріне қадала шырқаған *қара торғайдың даусындай* шырқауға шығып ап шырқырап тұрып алды; солай тұрды-тұрды да бір уақытта кілт төмендеп, қайтадан қалықтады («Бәсеке»).

Сағым шалған *қара дөңнен* қарауыт-қан көрінді. Өздері әлденешеу. Көкжиекте аспан мен жердің арасын тіреп-тіреп тұрып алды. Бірінен соң бірі шығып жатыр, шығып жатыр. Сағым көмген көкжиек бірде дөң үстіне тұнып қалған түтін сияқты, енді бірде қатқыл дөңнің астынан қалқып шыға келген көл тәрізді. Маңайда сағымнан өзге ештеңе жоқ. Бұлардың қосы жайғасқан мынау тоқымдай *қара жер жан-жақтан жапа-тармағай қаптап келе жатқан жойқын судың ортасындағы құрдым аралдай* («Күй»).

Ұлы дүрмек бір шай ішім жер жүріп, *қара жусанды* қатқылға келіп тоқырасты. Қол-аяғы шандулы тұтқын жігіттер жайпақ даланың қалың қара жусанының арасынан қапелімде көзге түсе қоймайтындай, осы бір жермен-жермен оқшау сұр төмпеке жеткенше көресілерін әбден көрді («Күй»).

³ Аитова Н.Н., Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы.10.02.02-қазақ тілі: филол.ғ.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дис.автореф. Алматы. 2005. 27 б.

Мәтіндердегі қара домбыра, қара дөң, қара жер, қара жусан сияқты сөз тіркестерінің қолданысын қазақтың атадан балаға жалғасқан қазақ тұрмыс-тіршілігін, өнерін, ата қонысын, сабырлы, көнбіс мінезін, табиғатпен астас қарапайым болмысының жазушы бейнесінің тұлғалық ерекшелігі деп түсінуге болады.

Ә. Кекілбаевтың «Елең-алаң» шығармасында қара сүйек шаңырақ деген авторлық тіркес кездеседі. Мән-мәтіннің мазмұнын байыптасақ, «Қара сүйек шаңырақ» дегені «тұрмыстық жағдайы төмен отбасы» дегенді білдіріп тұр:

Сөйтсе, төрт жолдың бойын жайлайтын башқұрттың қырық төрт болыс елінде ешкімге ешқандай алым-салық төлемейтін бір мың төрт жүз отыз бір түтін тархан шаңырағы, біреуі түлкі, біреуі құндыз, біреуі сусар, біреуі бал жиып салық төлейтін сегіз мың үш жүз тоқсан бес түтін қара сүйек шаңырақ бар екен. Кирилов солардың бәріне түтін басы екі шана шөп, екі қой немесе бір тайынша әкеп беруге бұйырды («Елең-алаң»).

Ә. Кекілбаевтың электронды мәтіндерінен қоңыр сөзінің 110 қолданысы табылады. Қазақ танымында «қара» сөзі сияқты ерекше танымдық мәні бар түс – қоңыр. Жазушы шығармаларында жиі қолданылуы, қазақтың «мамыражай», «абыр-сабырсыз» тірлік күйін бейнелеу мақсатынан туындаған деп ойлауға болады. «Іздеу» тетігі арқылы оның Ә.Кекілбаев мәтіндеріндегі 812 қолданысы табылды.

Жаңа деңгейге шығуы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының атқарып жатқан іргелі зерттеулерін тілдің функционалдық, әлеуметтік, рухани жаңғыртушылық үдерісіне ілестіріп жалғастыруда. Сол бағытта өзектеліп қолға алынған – қазақ тілі қазынасын бейнелейтін кең ауқымды, аннотацияланған, электронды жүйеге енгізілген мәтіндерінен тұратын «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» деп аталатын инновациялық үлкен жоба.

Қазақ тілінің өзіндік ішкі заңдылықтарына сәйкес сан қырлы дамуы мен қызметінің ашылып, тіл арқылы ұлттық құндылықтарымыздың мәнін айқындайтын мәдени тілдік деректерде сақталған мазмұнының танылып, таралуында мәтін лингвистиканың сабақтастығы аса маңызды. Атап айтқанда, көрнекті жазушылар шығармаларындағы халықтың рухани және материалдық мәдениетінің жарқын айнасы іспетті көркем сөзі айшықталған мәтіндерін ұлттық корпус кеңістігіндегі кең арнада зерттеудің тиімділігі айқындалып отыр.

Мысалы, Ұлттық корпусқа енгізілген Ә. Кекілбаевтың «Бәсеке» шығармасының мәтініндегі ұлттық мәдени деректі құндылық ретінде танытудың үлгісін көрсетуге болады:

Ақ уыз үйлердің ара-арасынан жаңа тігіліп жатқан үйлердің қып-қызыл керегелері мен көкшіл шаңырақтары мынау қоңыр далаға тобымен кеп қона қалған аппақ қаздай ақ жұмыртқа ауылдың сәнін асыра түсіпті. Қарулы-қарулы жігіттер шаңырақ көтеріп тұрып, күрек тістерін ақсита күліп, уық шанышп жүрген келіншектерге қалжың айтады; уық шаныш жүрген келіншектер үкілі сәукелелерін бұлғаңдатып, қос етек шәйі көйлектің жеңін иыққа сырғытып, аппақ білектерін аспандата созып, неше түрлі көзді арбар қылыққа салып, бұрала басады. Жөн-жосық көрсетуге келген мама бәйбішелер жаулықтары қарқарадай боп, үй тігіп жатқандардың уықты қалай шанышқанына, керегінің қалай жайылғанына, шаңырақтың тым аспандай кетіп, үйді сүмпитіп тастамауына, я тым төмен көтеріліп, уықтың бәрін ішке жығып, үйді жапырайтып жер табандатып жібермеуіне бас-көз болып, анадай-анадай жерлерге шығып қарап, ақыл айтып жүр. Жаңа ғана қызыл керегесі көрініп тұрған жалаңаш үйлер уығы тегіс шанышылып болған соң айқұш-ұйқыш айқара тартылған қызыл ала бауларға, уықтан салбыраған күлтелерге көміледі. Сосын үй сыртына қардай аппақ ақ киіз жабылады т.с.с. ұлттық болмысты көрсететін тілдік бірліктер таңбаланған.

Корпусқа енгізілген осындай ұлттық нақыштағы, дәстүрлі қазақ дүниесінің суретін бейнелеген көркем мәтіннің коммуникативтік сапасын күшейтіп тұрған оның танымдық-ақпараттық мазмұны оны бүгінгі күнмен жалғастырып, өміршендігін Ә.Кекілбаевтың суреткерлік тұлғасы арқасында көрсетіп отыр.

Демек, көркем шығарма авторының көркем ойлауы, шеберлігі, мәтінтүзуші бірліктерді ұтқыр қолдана отырып, оқырманға өз идеясын, ойын жеткізе алуы, яғни тілді толық игеріп, шебер қолдануы аса маңызды.

Қаламгер танымына сай сөздің мазмұнын кеңейтіп, әлеуетін жаңғыртатын көркемдік тәсіл – ұқсату (ассоциация). Сол арқылы күнделікті өмір тәжірибесінде бақылау, салыстыру барысында қалыптасқан бейненің мәтінде ұстап тұратын арқау – метафора.

Метафораны когнитивтік зерттеу Дж.Лакофф, М.Джонсон еңбегінен (Лакофф, Джонсон, 2004) оны зерттеуде корпустық талдау әдісінің қолданылуының талқыланыуы методология саласын кеңейтудің болашағын көрсетеді (Рыков, 2002).

Корпустың құрылымындағы Ә.Кекілбаев мәтіндеріне жүгінсек:

Жаңа ғана жер табандап жатқан қызыл шағылдар көлеңке ұзарған сайын бірте-бірте биіктеп, ніл ыдырай бастаған кешкі аспаннан енді-енді көрінген кілегей бұлттарға араласып кеткендей («Аңыздың ақыры»). Кілегей – тағамның бір түрі деген анықтама беріледі: «Қазақ сөздігінде» Кілегей зат. Шикі сүттің бетінде пайда болатын майлы қабат; сүттің маңызы. //Қоймалжың, қабыршақ (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 72). Демек, мәтіндегі «кілегей бұлттарға» деген суреттеуде жазушының тілдік санасында бұлттардың кілегей сынды қоюлануы ұқсастырылып айтылып тұр.

Көркем мәтін – ұлттық бітім-болмысты, ұлттық психологияны, ұлттың дүниетанымы мен оның өмір сүру тәжірибесін, ұлттық салт-дәстүр мен наным-сенімін таныстыратын біртұтас дүние десек, ол – ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі, айнасы. Ал, әрбір көрнекті көркем шығарманың бойынан сол ұлттың материалдық та, рухани да мәдениет негізін тануға болады десек, соны танудың кешенді дәйектік кепілі – тіл қазынасының ұлттық корпусы.

Мысалы, Ә. Кекілбаевтың көркем мәтіндерінің ұлттық ғалам бейнесі мен мәдени кеңістікті сипаттаушы аяға дүниетаным жүйесінің танымдық-ақпараттық негізгі бірлігі ретінде мифологиялық тілдік құрылымдардың белгілі бір шығармадағы қолданыс емес, тұлғалық танымына сай көркемдік үлгі екенін ұлттық корпусқа енгізілген барлық шығармаларында дерлік дәлелдейді: *құдық* сөзінің «адам, мал, су ішетін орын» дегеннен басқа ұлт түсінігінде танымдық қызмет те атқаратынының тілдік көрінісі Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау» повесінде бейнеленсе, мұны мифологиялық мазмұнда қолданылған **Сорқұдық** географиялық атауының халық санасында ертеден қалыптасқан мифтік мәнімен сабақтастыруға болады.

«Күйші» шығармасындағы мифтік таным деңгейін деректейтін мәтінде қолданылған «мәңгүрт» ұғымы Ә. Кекілбаев шығармасынан бастау алып, қазіргі замандағы маңызды қоғамдық-саяси терминге айналғаны белгілі.

Ә. Кекілбаев сынды тұлғалардың шығармаларының тіліндегі көркем сөзді, сөз құдіретін танудың тетігін жекелеген мәтіндердің үзіктері негізінде емес, тұтас мәтіндік жүйесінде рухани әлеуметтік әлеуетін жан-жақты талдау көркемдік санасы арқылы қалыптасқан өзін қоршаған шындыққа, уақытқа деген тұлғалық тұжырымдамасы мен дүниені бейнелеуінің өзіндік «тілдік әлемін» ашып, тілдік тұлғаға тән сөз құдіретін «Ә. Кекілбаев феноменін» ашатын тұжырымдарға әкелмек.

Нәтиже

Біріншіден, қазақ ұлттық корпусының базасына енген Ә.Кекілбаевтың мәтіндерінде қолданылған миллиондаған тілдік деректердің негізінде астарланған мәденитанымдық мазмұн лингвомәдени, лингвокогнитивтік, дискурстық тұрғыдан анықталып, сандық өлшемнің сапалық сипатқа ауысқан зерттеу үрдісі тілтұтынушыға көрнекті сөз зергерінің «тіл әлеміне» тереңдеп түсінуіне көмектеседі.

Екіншіден, компьютер жадына көлемді мәтіндердің электронды нұсқасының енгізілуі, автоматты түрде өңделуі жазушы тілінің тұтас жүйесі негізінде дара тілдік тұлға болмысын, өзіндік дискурстық жүйесін анықтайды.

Үшіншіден, Жазушылар ішкорпусының қорын тиімді пайдалану барысында таңдалған мәтін үзінділерінде көрініс табатын, мысалы, көріктеуіш құралдарды (метафора, теңеу т.б.) тауып қана қоймай, автоматтық өңдеу арқылы авторлық, окказионалдық қолданыстарын анықтайтын компьютерлік бағдарламалар, тілдік деректерді өңдеуді ұйымдастырудың ұтымды үлгілері көрсетіледі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ тіл білімінің антропоэзектік парадигма аясында зерттеу үдерісінің нәтижесіндегі Ә. Кекілбаев сынды тұлғаның **Сөзін** тілдік санадағы ойды көп жағдайда көркем жүйеде құратын танымдық тетік, ел тарихын танытатын мәдени-құжаттық қор деген анықтамасын Жазушылар ішкорпусының мәтіндік қоры дәйектейді. Бұл нәтижеде тілдік тұлға дәрежесіне көтерілген Ә.Кекілбаевтың қуатты да көркем сөзі қазіргі қоғамда қазақ тілі иесі ретіндегі ұрпақтың бойында ізгі қасиеттерінің оянып тұтасуына, рухани әлемінің жаңғыруына ықпал ететін қозғаушы күш ретінде бағаланады.

Жаһандану заманына тән жан-жақты ақпарат, жаңа коммуникативтік үдерістердің жедел сипаты, екінші жағынан тәуелсіздік аясында бекітілген қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі ықпал еткен Ә. Кекілбаев сынды тілдік тұлғалардың шығармашылығындағы тілдік сананың жаңғыруынан сөз мазмұнындағы әлеуеттің жан-жақты ашылуы қарқын алып, ана тілінің дамуын жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Тілдік сананың көрінісін бейнелейтін руханият көздерінің бірі – поэтикалық тілге негіз болатын креативті ойлау жүйесі. Тілдік тұлғаның (қаламгердің) еркін (шығармашыл) ойлау үрдісінің терең тамырлы мазмұнын сипаттайтын, танымдық-ақпараттық кеңістікті зерттеу жаңа ғылыми-әдістемелік негіздеуге сүйенген тың ізденістерге жол ашты. Поэтикалық тілде, көркем мәтіндерде көбіне окказионал сипаттағы сөзқолданыстардың, түпкі этнолексикалық бірліктердің қаламгер санасында жаңғыруы – қазіргі қоғамдағы тіл иесінің когнитивтік санасында бұрыннан бар ұлттық мазмұнның қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени ұғымдардың қаламгер тілінде қайта түлеп, айшықталуы.

Қазіргі қоғамдағы рухани-танымдық бағдардағы даму қазығын тілден тыс, ақпараттық кеңістік тілін белгілі тілдік тұлғалардың тілінен тыс қарау мүмкін емес екенін зерттеу барысы байқатып отыр.

Осымен байланысты тұлғалық болмысының өзегін тіл арқылы танытатын сөзінің күш-қуаты ұлттық санаға ықпал ететін тілдік тұлғалардың **Сөзін** ауқымды көлемде, компьютерлік технология арқылы Ұлттық корпус жүйесінде тану мәселесі – заманауи лингвистиканың талабы.

Әдебиет

- Абай тілінің сөздігі, 1968. Алматы: Ғылым. 734 б.
- Алдаш А., 2004. Қазіргі қазақ көркемсөз өрнегі. Алматы: Қазақ университеті. 224 б.
- Алексеева Л.В., Мишланова С.Л., 2002. Медицинский дискурс: теоритическая основа и принципы. Пермь. 200 с.
- Алефиренко Н.Ф., 2013. Лингвокультурология (ценностно-смысловое пространство языка). М.: Флинта, Наука. 224 с.
- Антонова Е.Н., 2023. Интертекстуальный характер поэтического филологического дискурса. // Вестник Российского университета Дружбы народов. Серия: Теория языка, семиотика, семантика. №14(1). С. 246-255.
- Балақаев М., 1987. Қазақ әдеби тілі. Алматы. 269 б.
- Гальперин И.Р., 2005. Текст как объект лингвистического исследования. М.: Едиториал УРСС. 144 с.
- Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі, 2016. Алматы: Дәуір. 1472 б.
- Жанпейісов Е., 1976. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі (тарихи-этимологиялық байқаулар, материалдар). Алматы: Ғылым.
- Жұбанов А., Жаңабекова А., 2017. Корпустық лингвистика. Алматы: «Қазақ тілі» баспасы. 336 б.
- Жұмалиев Қ., 1960. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы. 364 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011. Алматы. 760 б.
- Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбекова Б., 1992. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы: Ана тілі. 160 б.
- Лакофф Дж., Джонсон М., 2004. Метафоры, которыми мы живем. М.: Едиториал УРСС. 256 с.
- Момынова Б., 2023. Көркем мәтін поэтикасы. Алматы: Қазақ тілі баспасы. 192 б.
- Николаева Т.М., 2000. От звука к тексту. М.: Языки русской культуры. 680 с.
- Өмірәлиев Қ., 1976. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Ғылым. 270 б.
- Рыков В.В., 2002. Корпус текстов как реализация объективно-ориентированный парадигмы // Труды международного семинара. Диалог-2002. М.: Наука. 300 с.
- Садирова Қ.К., 2008. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. Ақтөбе. 428 б.
- Смағұлова Г., 2002. Мәтін лингвистикасы: оқу құралы. Алматы. 152 б.
- Сыздықова Р., 2004. Абайдың сөз өрнегі. Алматы: Арыс. 208 б.
- Сыздықова Р., Шалабаев Б., 1989. Көркем тексті лингвистикалық талдау. Алматы. Мектеп. 128 б.
- Шәріп А., 2000. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. Алматы: Білім. 335 б.
- Чернявская В.Е., 2009. Лингвистика текста: Поликодовость. Интертекстуальность. Интердискурсивность. М.: Книжный дом. 249 с.
- <https://qazcorpuz.kz/>

Reference

- Abay tiliniñ sözdığı [Dictionary of Abai's language], 1968. Almaty. Gylym. 734 p.
- Aldash A., 2024. Qazırgı qazaq körkemsöz örneгі [The modern kazakh literary expression]. Almaty: Qazaq universiteti. 224 p. [in Kazakh].
- Alekseeva L.V., Mishlanova S.L., 2002. Medicinskij diskurs: teoreticheskaya osnova principy [Medical discourse: theoretical basis and principles] Perm. 200 p. [in Russian].

Alefrenko N.F., 2013. Lingvokulturologiya (cennostno-smyslovoe prostranstva yazyka) [Linguoculturology (the value-semantic space of language)]. M.: Flinta, Nauka. 224 p. [in Russian].

Antonova E.N., 2023. Intertekstualnyj harakter poeticheskogo filologicheskogo diskursa. [The intertextual nature of poetic philological discourse]. Bestnik Rossijskogo universiteta druzhba narodof. Seriya: Teoriya yazyka, semiotika, semantika. №14(1). P. 246-255. [in Russian].

Balaqaev M., 1987. Qazaq ädebi tılı [Kazakh Literary Language]. Almaty. 269 p. [in Kazakh].

Galperin I.R., 2005. Tekst kak obiekt lingvisticheskogo issledovaniya [Text as an object of linguistic research]. M.: Editorial URSS. 144 p. [in Russian].

Jalpy bilim berudegi qazaq tiliniñ julik sözdıgi [Frequency dictionary of the kazakh language in general education], 2016. Almaty: Däuir.1472 p. [in Kazakh].

Janpejısov E.M., 1976. Äuezovtiñ “Abai zholy” epopeyasynyñ tılı (tarihi-etimologiyalyq baiqaular, materialdar) [The language of M. Auezov’s ‘The path of Abai’]. Almaty: Gylym. [in Kazakh].

Jübanov A., Janabekova A., 2017. Korpustyq lingvistika [Corpus linguistics]. Almaty: «Qazak tili» baspasy. 336 p.[in Kazakh].

Jumaliev Q., 1960. Qazaq ädebieti tarihyñ mäseleleri jäne Abai poeziasynyñ tılı [Issues of the history of kazakh literature and the language of Abai’s poetry]. Almaty. [in Kazakh].

Qazaq ädebi tiliniñ sözdıgi [Dictionary of the kazakh literary language], 2011. Almaty. 760 p. [in Kazakh].

Qaidarov A., Ahtamberdieva Z., Ömirbekova B., 1992. Túr-tústerdiñ tildegi körınısı. [The representation of colors in language.] Almaty: Ana tılı. 160 p. [in Kazakh].

Lakoff Dzh., Dzhonson M., 2004. Metafory, kotorymi my zhivem. [Metaphors we live by]. M.: Editorial URSS. 256 p.

Momynova B., 2023. Körkem mätin poetikasy. [Poetics of literary text]. Almaty: «Qazaq tılı» baspasy. 192 p. [in Kazakh].

Nikolaeva T.M., 2000. Ot zvuka k tekstu [From sound to text.] M.: Yazyki russkoj kultury. 680 p. [in Russian].

Ömiraliev Q., 1976. XV-XIX ғасырлардағы qazaq ädebieti [Kazakh literature of the 15th-19th centuries]. Almaty: Gylym. 270 p. [in Kazakh].

Rykov V.V., 2002. Corpus tekstov kak realizaciya obektivno-orientirovannyj paradigmy [Corpus of texts as an implementation of the objectively-oriented paradigm]. Trudy mezhdunarodnogo seminar. Dialog-2002. M.: Nauka. 200 p. [in Russian].

Sadirova. Q.K., 2008. Qazaq tilindegi köp proziciyaly diskurstyñ qurylymdyq negızderi [Structural foundations of multi-propositional discourse in the kazakh Language]. Aqtöbe. 428 p. [in Kazakh].

Smagulova G., 2002. Mätin lingvistikasy: oqu quraly [Text linguistics: A study guide]. Almaty. 152 p. [in Kazakh].

Syzdyqova R., 2004. Abaidyñ söz örnegi [The Word Expression of Abai]. Almaty: Arys. 208 p. [in Kazakh].

Syzdyqova R., Shalabaev B., 1989. Körkem teksti lingvistikalyq taldau [Linguistic analysis of a literary text]. Almaty: Mektep. 128 p. [in Kazakh].

Shärip A., 2000. Qazaq poeziyasy jäne ülttyq ideya [Kazakh poetry and national idea]. Almaty: Bilim. 335 p. [in Kazakh].

Chernyavskaya B.E., 2009. Lingvistika teksta: Polikodovost. Intertekstualnost. Interdiskursivnost. [Text linguistics: Polycodality. Intertextuality. Interdiscursivity.]. М.: Knizhnyj dom. 249 p. [in Russian].
<https://qazcorpus.kz/>

Авторлар туралы мәлімет:

Манкеева Жамал, филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, Құрманғазы көшесі, 29, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-7390-4778

Қожахметова Ақтоты, докторант, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Құрманғазы көшесі, 29, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-6359-9458

Information about authors:

Mankeyeva Zhamal, Doctor of Philology, Professor, Chief Researcher, A. Baitursynov Institute of Linguistics, 29 Kurmangazy Str., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-7390-4778

Kozhakhmetova Aktoty, Doctoral Student, A. Baitursynov Institute of Linguistics, 29 Kurmangazy Str., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-6359-9458

Сведения об авторах:

Манкеева Жамал, доктор филологических наук, профессор, главный научный сотрудник, Институт языкознания им.А.Байтұрсынұлы, ул. Курмангазы, 29, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-7390-4778

Қожахметова Ақтоты, докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, ул. Курмангазы, 29, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-6359-9458